

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 22 (933) 24 мамыр 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## “ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ” АКЦИЯСЫ

26 мамыр күні еліміздің барлық ірі қалаларында “Халық заңгері” жалпыреспубликалық акциясы өтеді. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заңгерлік көмек көрсету. Кез келген азамат еліміздің заң қоғамдастығындағы ең үздік заңгерлерден тегін кеңес ала алады. Олардың арасында белгілі адвокаттар, нотариустар, прокурорлар, тергеушілер, сот орындаушылары, мемлекеттік органдардың басшылары бар.

Акцияны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, “zakon.kz” парталы, “Параграф” ақпараттық жүйесі, мемлекеттік билік органдары және Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттары ұйымдастырып жатыр.

“Халық заңгері” акциясы 2016 жылы басталған. Бастапқыда акцияға заңгерлер мен адвокаттар қатысты. Уақыт өте келе оларға әкімдіктердің, прокуратуралардың, әділет департаменттерінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өкілдері, жеке сот орындаушылары, нотариустар, медиаторлар және басқа да мамандар қосылды. Содан бері халыққа пайдасы зор шараны өткізу дәстүрге айналды. Осы уақыт ішінде білікті мамандардан жан-жақты заңгерлік кеңес алған тұрғындар алғыстарын білдіріп жатыр. Өткен алты жылдың ішінде акцияға 7000-нан астам үздік сарапшы мен мемлекеттік органдардың шешім қабылдай алатын құзіретке ие өкілдері қатысты. Олар құқықтық көмекке жүгінген 150000-нан астам азаматқа кеңес беріп, бағыт-бағдар сілтеді. Біздің өңірде білікті заңгерлер тұрғындарды С.Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханада қабылдайды. Неғұрлым толық жауап алу үшін құжаттарыңызды ала келу керек.

Жан АЙТМАҒАНБЕТОВ,  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі  
департаментінің бас маманы.

## ҚЫЗЫЛЖАРДА ЖАСАЛҒАН ТЕХНИКАЛАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Петропавлда “Агро Қызылжар” ауыл шаруашылығы техникаларының республикалық көрмесі ұйымдастырылды. Оған елімізге танымал “СТО-Агро”, “Казростселмаш”, “Агро-А”, “Батыр СК”, “Байдала”, “Севтепломаш”, “Дон Мар” сияқты ірі компаниялар қатысты.

Көрменің ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов жергілікті агроөнеркәсіп саласы мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болып отырғанын, көрме өткізу мақсаты диқандар үшін ортақ диалог алаңын құра отырып, қолжетімді, заманауи техникалармен жан-жақты таныстыру болып табылатынын атап өтті. Көрмеге жүзден астам әртүрлі маркалы техникалар қойылған. Олардың арасында егіс кешендері, шетелдік комбайндарды, алымды жатқалар бар. Әсіресе отандық өнімдерге барынша басымдық берілген. Бір сөзбен айтқанда, диқандар қауымы көктемгі, күзгі дала жұмыстарын кеңінен қолданылатын техникалардың жаңа түрлерімен танысуға мүмкіндік алды. Екі тарапқа да тиімді шара барысында делдалсыз тікелей ұсыныстар жасалып, тәжірибе алмасыл жатты. Әлемге әйгілі неміс комбайны – “CLAAS”-тың Петропавл қаласында құрастырылатыны белгілі. Шаруашылық жетекшілері өнімділігі жоғары, бағасы қолжетімді техника жайлы жан-жақты білмекке асықты. Шетелдерден сатып алынса, айтарлықтай қымбатқа түсері анық. Соған қарағанда, отандық өнімге деген сұраныс жоғары екенін аңғардық. Мәселен, Ақжар ауданындағы “Бекет” шаруа қожалығының басшысы Марат Шәпенов көрмеде компаниялармен келісімшарт жасамақ ниетте екен. Облыс орталығында орналасқан “TT-ENGINEERING” кәсіпорны өз ісін жаңа бастаса да, біраз тәжірибе жинақтап қалғаны байқалады. Кәсіпорын директоры Талғат Кенжебаев тіркемелі, дискілі, екіқатарлы тырмалар, көтермелі соқалар топырақтың ылғалдылығын жоғалтпай қопсытуға өте қолайлы екендігін айтты. “Казтехмаш” машина жасау зауыты астық жинайтын “Samro Roseniew” комбайндарын жергілікті жерде құрастырыпты. Соның бірі – “Samro-C-12” техникасының қуаттылығы 300 аттың күшіне тең. Жатқасының ұзындығы тоғыз метрге дейін жетеді. Бункерінің сыйымдылығы 7,6 тонна, бағасы – 110 млн. теңге. Қостанай облысында жұмыс істейтін “Сатурн Агро” ғылыми-өндірістік кәсіпорны астық тазалайтын кешенді жабдықтар шығаруға маманданған. “РБС-60” қондырғысының құны – 18 млн. теңге.

Өмір ЕСКӘЛИ, “Soltüstik Qazaqstan”.

## ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК БАҒДАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары барысында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды, екіжақты уағдаластықтар жасалды. Көршілес мемлекетпен Қазақстанның тауар айналымы жылдан-жылға артып келе жатқаны белгілі. Ал былтыр Қытай – еліміздің басты сауда-экономикалық серіктесіне айналды. Осы орайда, Қытайға сапардың мән-мағынасын сарапшылардан сұрап көрген едік.

Президент Қ.Тоқаев сапар барысында Қытай басшысы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Сондай-ақ бірінші рет ұйымдастырылған «Орталық Азия – Қытай» саммитіне қатысты. Бұдан бөлек, қазақ-қытай инвестициялық дөңгелек үстелі кезінде екіжақты байланыс туралы әңгімелеп берді.

Жалпы, Қытайдың Қазақстан экономикасында орны ерекше. Өзара ынтымақтастық мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Сауда-экономикалық қатынас қарқынды дамып келеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда-саттық көлемі рекордтық көрсеткішке – 31 миллиард долларға жетті. Қытай Қазақстан экономикасына қаржы құйған бес ірі инвестордың қатарына кіреді. Құйылған инвестицияның жалпы көлемі 23 миллиард доллардан асты.

«Қытай зерттеушілер қауымдастығының» құрылтайшысы, Ұлттық Құрылтай мүшесі Қазбек Майгелдиновтің айтуынша, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Си Цзиньпинмен мемлекеттік іссапар аясындағы кездесуінің ауқымы және оның айналасындағы іс-шаралар Орталық Азия өңірінің Қытай үшін маңызын көрсетеді.

«Қазақстанмен ынтымақтастық Қытай үшін зор қаржылық пайда әкелетіні сөзсіз, өйткені еліміз – Еуропа нарығына тікелей көпір. Қазақстан мен Қытайдың сауда амбицияларын іске асыру Ұлы Жібек жолының қайта жаңдануымен пара-пар келетін «Бір белдеу, бір жол» бастамасында көрініс тапты. Бұл бастаманы жүзеге асыруда Қытай Қазақстанның ішкі тұрақтылығының сақталуына мүдделі. Шын мәнінде, аталған елімен тиімді екіжақты ынтымақтастықты іске асыру еліміздің экономикасы үшін де айтарлықтай пайда әкеледі», дейді Қ.Майгелдинов.

Сарапшының сөзіне сүйенсек, «Бір белдеу – бір жол» жобасын жүзеге асыру үлкен көліктік-логистикалық перспективаға жол ашады. Қазірдің өзінде жүзеге асырылған бастамалардың арқасында еліміздің аумағы бойынша Еуропа мен Азияны байланыстыратын халықаралық маңызы бар 6 автомобиль, 9 теміржол және 4 әуе дәлізі өткен.

«Жоба есебінен еліміздің оңтүстігінде жол төсемін ауқымды қайта құру жұмыстары жүргізілді. Алайда бүгінгі таңда отандық транзит көлемі бізде бар әлеуетпен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен. Еуел көлік-логистикасын дамыту жөніндегі бастамаларды одан әрі белсенді іске асыру қажеттігін көрсетеді. Екіншіден, Қытаймен ынтымақтастық отандық бизнес үшін оның әлемдік нарыққа шығуы тұрғысынан кең мүмкіндік береді. Бұл Еуропа нарығына шығудан бөлек, Қытай аумағында өз өнімдеріміз мен қызметтерді шығаруға жол ашады. Осылайша, сауданың жеңілдетілген ережелері мен қаржылық интеграция отандық өнеркәсіп ауқымын арттырады», дейді Қ.Майгелдинов.

Сарапшы сөзінің жаны бар. Былтыр екі ел арасында теміржол арқылы 23 миллион тонна жүк тасымалданды. Бұл – бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Биыл бірінші тоқсанда жүк транзиті 35 пайызға артып, 7 миллион тоннадан асты. Журналист Асхат Қасенғалидың айтуынша, Қытай – әлемдегі ең үлкен нарықтың бірі. Елде халық саны көп болғандықтан, сырттан келетін соны тауарларға мұқтаж.

«Екі ел арасындағы тауар айналымы, сауда-саттық артып келеді. Былтыр 31 млрд долларға жетті. Бұл – рекорд. Бұрын біз үшін Ресей экономикада басты серіктес болса, енді оны шығыс көршіміз басады. Жалпы жиынтығы Қытай компанияларымен құны шамамен 22 млрд долларды құрайтын келісімдер жасалды. Басым бағыт сол ауыл шаруашылығы, туризм, логистика, көлік дәліздерін дамыту салаларын қамтиды. Тағы бір шешім – шекарадағы санитарлық және басқа тексеруді жүйелі

ету, сауда айналымын жандандыруға тиімді негізде жүйелеу. Бұл да маңызды. Себебі ел кәсіпкерлерінің шекараға барып, тауарын өткізе алмай, ұзақ тексерістен қаңтарылып тұрған сәттері артқан. Ол әсіресе ковидтен кейін тіпті күшейді. Кәсіпкер үшін уақыт – ақша, сондықтан мына келісімдер бұл тексерістерді азайтып, бизнес сала үшін уақыт үнемдеуге әсерін тигізеді», дейді А.Қасенғали.

Кейінгі жылдары Орталық Азия елдерінің экономикалық қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Қазақстанның осы аймақтағы мемлекеттермен алыс-берісі 19 пайызға өсті. Яғни 8 миллиард долларға жетті. Келешекте бұл көрсеткішті 15 миллиардқа дейін жеткізу жоспарланған. Аймақтың Қытаймен сауда-саттығы да қарқынды дамып келеді. Былтыр бұл көрсеткіш 70 миллиард долларды құрады. Оның 45 пайызы (31 млрд доллар) Қазақстанға тиесілі.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қытай мен Орталық Азия арасындағы тауар айналымын 2030 жылға қарай 100 миллиард долларға жеткізуге барлық мүмкіндік бар. Осы ретте, тауар түрлерін көбейту арқылы экспортты ұлғайту маңызды. Мысалы, Қазақстан шикізатқа жатпайтын 135 түрлі тауардың Қытайға экспортын көбейте алады.

Экономист Сәбит Рысбаев Қытай Қазақстанның негізгі сауда серіктестігіне айналғанын алға тартады. Осы орайда, сарапшы еліміздің Қытайға экспорты импорттан көп екеніне назар аударады.

«Біз Қытайға керісінше көп тауар сатамыз. Сауда балансы біздің жағымызда. Біздегі ең аз инвестиция келетін ауылшарушылық саласының өзі былтыр Қытаймен 780 миллион доллардан аса сауда жасасты. Кездесулер нәтижесінде Қытайға 1 миллион тоннадан аса бидай жеткізуге келісті. Соңғы 5 жылда онсыз да Қытайға жөнелтілетін майлы дақылдар 3,5 есе артқан. Өсімдік майы 2 есе артқан. Жалпы, Қытай бізге емес, біз Қытайға мұқтажбыз. Өйткені бұлар тым үлкен нарық, жиберген тауарың өтетіні анық», дейді С.Рысбаев.

Сарапшы Айбар Олжаев та осы пікірді қостайды. Ол Қытай тарапының Қазақстанды мәңгілік стратегиялық әріптес деп ерекше атап көрсеткеніне назар аударады. Оның айтуынша, мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, тікелей алғанда Орталық Азия елдері Қытай сыртқы саудасының 1,1 пайызын ғана құрайды. Бұл – аз көрсеткіш. Бірақ өңірдің географиялық орналасуы Қытайға үлкен нарыққа тез жетуіне мүмкіндік береді. Мәселен, Қытайдың сыртқы саудасында Еуропалық одақ маңызды рөл ойнайды, жалпы сауданың 57 пайызы қарт құрлыққа тиесілі. Ендеше, Орталық Азия, әсіресе Қазақстан Еуропаға тез жетудің оңтайлы жолы.

«Қытай сыртқы саудада 2022 жылы 2-орын алса, биыл бірінші тоқсанда Ресейді басып озып, бірінші орынға шықты. Ауқымы тым үлкен. «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасының негізгі идеясы – Еуропаға тікелей құрлық жолы. Себебі теңіз арқылы ең аз дегенде 45 күн кетеді. Әр күн – 178 миллион доллар. Бұл ретте, территориясы даладай Қазақстанның рөлі ерекше. Егер Қытай өз логистикасын оңтайландыруды көздесе, оны Қазақстансыз іске асыру мүмкін емес. Қытайға түсінікті, өз уәдесіне берік, контракттарды аяғына дейін орындайтын ел, тұрақты Қазақстан керек. Мұны Си мырза «Қазақстанның суверенитетіне кепіл боламыз» деген бірауыз пікірімен анық айтты», дейді А.Олжаев.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қытайға сапары барысында Сиань қаласындағы құрғақ портта Қазақстанның логистика орталығының іргетасын қалау рәсіміне онлайн режимде қатысты. Сондай-ақ «Қытай – Орталық Азия» саммиті кезінде Қазақстанның географиялық жағдайын ескере отырып, еліміз аймақтың және тұтас құрлықтың маңызды көлік-логистика дәлізі бола алатынына назар аударды.

«Қазақстан осы аймақтағы елдердің Қытаймен ынтымақтастығын нығайту үшін өзінің экономикалық және логистикалық әлеуетін жұмылдыруға әзір. Осыған орай, Қазақстан достас Қытаймен ынтымақтастықты нығайту үшін өзінің сауда-экономикалық және логистикалық әлеуетін іске қоса алады. Елдеріміздің сауда-саттық көлемі 31 миллиард долларға жетті. Төраға Си Цзиньпинмен бұл көрсеткішті 40 миллиардқа дейін жеткізу жөнінде уағдаластық», деді Қ.Тоқаев.

# ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК БАҒДАРЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Журналист А.Қасенғали Ляньюньган портының мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажет деп есептейді. Өздеріңізге мәлім, аталған порттың бір бөлігін Қытай пайдалану үшін Қазақстанға берген еді. «Қытай Қазақстан – Каспий – Әзербайжан – Грузия бағытында тауарын Еуропаға тасымалдауды арттыруды көздейді. Осы мүмкіндікті жіберіп алмауға тиіспіз. Әйтпесе, басқа бағыт арқылы біздің елді айналып өтуі мүмкін. Қытай логистикалық мүмкіндіктерді арттыруға инвестиция құюға әзір. Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға, Еуропадан Қытайға тауар өтіп жатса, бюджетке салық, біраз халыққа жұмыс орны ашылар еді», дейді А.Қасенғали.

Мәжіліс депутаты Айгүл Құспан да қытайлық инвестициялар есебінен елдегі жүк тасымалдайтын баламалы дәліздерді дамытуымыз керек деп есептейді. Оның айтуынша, басты мүдде – транзит пен көлік-логистикасын дамыту. «Біз теңізге шыға алмаймыз. Біздің жалғыз теңіз – Каспий. Бұрын біздің елдегі дәліздер Ресейге бағытталады. Енді біз баламалы маршруттарды дамытуымыз керек. Оған көп инвестиция қажет. Мәселен, Құрық пен Ақтау порттарын дамытып, сол арқылы Әзербайжан әрі қарай Қара теңіз, Түркияға жіберуге мүмкіндік беретін дәлізді дамытуға инвестиция керек. Ал Қытай оған мүдделі болса, онда ол біз үшін өте пайдалы болар еді», дейді депутат.

Экономист С.Рысбаев екіжақты тауар айналымының дамуы Қазақстанға көп мүмкіндік беріп отырғанын алға тартады. Мәселен, бұрын жаңа көлік сатып алу қиын еді. Қазіргі таңда Қытайдан шыққан кей көліктер нарыққа келіп жатыр.

Осы орайда, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қазақ-қытай инвестициялық дөңгелек үстелі кезінде осы мәселеге назар аударғанын атап өткен жөн. «Қытайда электромобиль жасау ісі қарқынды дамып келеді. Сол себепті литий өндіру саласындағы серіктестікті нығайтудың болашағы зор. Кейінгі жылдары елімізде қытай көліктеріне деген қызығушылық арта түсті. «Chery», «Jas», «Exeed» және «Naval» брендтері – ең көп сатылатын автокөліктер қатарында. Бұл саладағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеріп жатырмыз. Қазақстанда қытай автокөліктерін құрастыру қолға алынып отыр. Бүгін екі елдің компаниялары тиісті келісімдерге қол қояды», деді Президент.

Сәбит Рысбаев қытайлық компаниялардың Қазақстанға келуі еліміздің экономикалық қуатын арттырып қана қоймай, сонымен қатар бәсекелестікті нығайтатынын алға тартады.

Сонымен қатар Қазақстан мен Қытай азаматтарының екі ел арасында 30 күнге дейін визасыз жүруіне мүмкіндік беретін үкіметаралық келісімге қол қойылғаны белгілі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың айтуынша, бұл құжат іскерлік байланыс аясын кеңейтіп, туристер легін арттыруға ықпал етеді.

Дегенмен осы құжат әлеуметтік желіде біраз шу туғызғаны белгілі. Экономист С.Рысбаев аттандаудың реті жоқ деп есептейді. Оның айтуынша, елімізде шетелдік жұмысшыларға 22 мың ғана квота берілген. Сондықтан одан асып түсу мүмкін емес.

Ал саясаттанушы Қазбек Майгелдинов Қытай секілді алпауыт елмен визасыз режим енгізудің Қазақстанға пайдалы тұстары мен басымдықтары мол екеніне сенімді. Оның сөзінше, Қазақстан мен Қытай көршілес мемлекет ретінде стратегиялық қарым-қатынас орнатқан. Бұдан бөлек, «Бір белдеу – бір жол» аясында үлкен экономикалық жоба жүзеге асырылып жатыр. Соның нәтижесінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолының құрылысын аяқтады. Тікелей инвестициялар тартылды. Инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. «Ендігі таңда бұл визасыз режимнің енгізілуі Қазақстан азаматтарына, іскерлік қауымына қосымша пайда әкеледі. Өйткені бұған дейін былтырдан бері біржақты ғана визасыз режим енгізілген еді. Онда Қытай азаматтарына жеке туристік, іскерлік мақсатта 14 күнге дейін кіруге рұқсат етілді. Қазақстан азаматтарына виза қажет еді. Енді екіжақты өзара 30 күндік визасыз режим енгізілмек. Нәтижесінде, Қазақстан азаматтары бұрынғыдай виза алу үшін көптеген құжат жинамайды», дейді Қ.Майгелдинов.

Мәжіліс депутаты Айгүл Құспан екі ел басшылары қол қойған визасыз режим орнату туралы келісімді маңызды деп есептейді. Өйткені Бейжің билігі көрінген елмен мұндай уағдаластық жасаспайды. «Визасыз режимнің мерзімі бұрын 14 күн болса, енді ол 30 күнге артты. Айта кететіні, бұрын тек қытайлық азаматтардың Қазақстанда 14 күн визасыз болуына рұқсат етілетін. Енді қазақстандықтар да бұл елге визасыз бара алады. Мұның барлығы барып-келуге, бизнес жасауға, қандастардың туыстарын көруіне, жалпы туризмді дамытуға оң ықпал етеді. Қытай көп мемлекетпен визасыз режим орнатпайды. Мәселен, Қытай Оңтүстік Корея мен Жапонияға мұндай режим жасаған жоқ», дейді А.Құспан.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ.

## ҚЫМБАТ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ КҮТУ 1 АЙҒА ҚЫСҚАРДЫ

Обязательное социальное  
медицинское страхование



Міндетті әлеуметтік  
медициналық сақтандыру

Орталық коммуникациялар қызметінде МӘМС жүйесіндегі медициналық көмектің көлемі мен қаржыландыруға қатысты брифинг өтті. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Басқарма төрағасы Сәбит Ахметов МӘМС жүйесін іске асыру барысындағы нәтижемен бөлісіп, 1406 байланыс орталығының операторы ретіндегі жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Сәбит Ахметов атап өткендей, МӘМС жүйесі енгізілгенінен бері көрсетілетін қызметтер тізбесі кеңейтілді және олардың көлемі ұлғайды. Сонымен қатар күрделі операциялар мен жоғары дәлдіктегі диагностиканы күту ұзақтығын қысқарту мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Мысалы, кардиохирургиялық операцияларды күту ұзақтығы 3-4 айдан 1 айға дейін, бағасы қымбат КТ, МРТ қызметтері 10 күнге дейін қысқарды.

Сонымен қатар, бұрын ақылы негізде жүргізілген көптеген операциялар, мысалы, есту қабілетін қалпына келтіру операциялары МӘМС жүйесі аясында қолжетімді болды.

Жыл сайын МӘМС аясында көзге жасалатын операция саны артып келеді, оның ішінде катарактамен жүгінетіндер көп. Екі жыл ішінде қосымша 8 мыңға жуық адамға операция жасалды. Бұл көру қабілетін қалпына келтіруге және өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Бұндай операцияларды күту ұзақтығы 3-4 айдан 1 айға дейін қысқарды.

«Жоғары технологияларды қолдану арқылы жасалатын нейрохирургия, кардиохирургия, трансплантология, ЭҚ операцияларды көпшілікке қолжетімді. Мысалы, құны 74 млн. теңгеден асатын кардиохирургиялық операцияны МӘМС аясында жасайды. Жоғары технологияларды қолдану арқылы жасалатын оталардың орташа құны 3 млн. теңге тұрады», – деді Қор басшысы.

ПЭТ қызметтері де қолжетімді болды, яғни позитронды-эмиссиялық томография, бұл онкологиялық ауруларды диагностикалау сапасын және оларды емдеудің тиімділігін айтарлықтай арттырады. (саны 2019 жылы 13 мыңнан 2022 жылы 21 мыңға дейін өсті).

Осы ретте Сәбит Ахметов атап өткендей, әлі күнге дейін медициналық сақтандырудың не екенін түсінбейтіндер бар. Оған Қордың 1406 Колл-орталығына жүгінетін азаматтардың өтініштері дәлел.

«Еліміздің әр жерінде не болып жатқанын, азаматтарымызды не мазалайтынын және олар қандай қиындықтарға тап болғанын тікелей білу үшін Қордың басшылық құрамы, оның өзін де аптасына бір рет байланыс орталығының операторлары ретінде бір сағат жұмыс істейміз. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар қызметкерлердің, жұмыс берушілердің жарналары мен аударымдары зейнетақы қорына ұқсас жинақтау жүйесі деп ойлайды. Нәтижесінде көптеген сұрақтар туындайды. Ақшамыз қайда кетіп жатыр дейді», – деп Қор басшысы оператор жұмысындағы әсерімен бөлісті.

Ол МӘМС жүйесі мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың ортақ жауапкершілігі қағидаттарына негізделетінін түсіндірді. Азаматтардың барлық жарналары мен аударымдары Ұлттық банктегі арнайы шотқа түседі және сол жерден емделген жандарға көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеуге жіберіледі.

Спикер атап өткендей, қаржыландырудың 2,5 есе ұлғаюына қарамастан, медициналық қызмет көрсету саласында айтарлықтай жақсару байқалмады. Яғни, бөлінетін қаражат халықтың күткеніне сәйкес келмейді. Осы ретте азаматтар МӘМС жүйесі керек пе деген сауал қояды. Өз кезегінде Қор мемлекет денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындайтынын хабарлайды.

«МӘМС жүйесін енгізбес бұрын 10 жыл бойы білікті мамандар, сарапшылар еңбек етті. МӘМС-тің басты мақсаты – халықтың осал топтарын (балалар, зейнеткерлер, мүгедектер, көп балалы аналар және т.б.) қорғау. Қазір Қор проблемалық мәселелерді шешумен және жүйені дамытумен айналысудың орнына МӘМС-тің қажеттілігін дәлелдеумен айналысады», – деп атап өтті Сәбит Ахметов. Қор өз тарапынан халық арасында МӘМС-тің артықшылықтарын түсіндіру жұмысын күшейтуге, сондай-ақ медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін, МӘМС қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыратындарын айтты.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі

### 2023 жылғы маусымда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Alabota GSK» ЖШС-нің басшысы	7 маусым «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	1 маусым «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
3	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	5 маусым Чермошнян а/о әкімдігі
4	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолай» ЖШС директорының орынбасары	6 маусым Келлер а/о әкімдігі
5	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	8 маусым Рошинск а/о әкімдігі
6	Бауыржан Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма Эксимнан» ЖШС-нің директоры	12 маусым Абай а/о әкімдігі
7	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	15 маусым Зеленогай а/о әкімдігі
8	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	20 маусым «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
9	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты	20 маусым Чкалов а/о әкімдігі
10	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	22 маусым «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
11	Данил Викторович Долгалеv, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	23 маусым Летовочный а/о әкімдігі
12	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «Gsk-Taynsha Astyk» ЖШС-нің директоры	26 маусым Киров а/о әкімдігі
13	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	29 маусым «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты:

11.00-ден 13.00-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

## ҰЛТТЫҚ ҚОР ҚАРАЖАТЫ БАЛАЛАРҒА ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ

Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосудың негізгі тәсілдерін әзірледі. Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысы жыл сайын 18 жасқа дейінгі барлық жастағы балалар арасында бөлінеді. Инвестициялық табыстың ықтимал теріс мәндерін жекелеген уақыт аралықтарында нивелирлеу мақсатында инвестициялық табыс мөлшерлемесін есепті кезеңге өткен 18 жылдағы орташа жылдық мән негізінде айқындау жоспарланып отыр. 18 жасқа дейінгі бала үшін болжамды жинақ сомасы шамамен 3,5 мың долларды құрауы мүмкін. Бұл сома капитал нарығының құбылмалылығын ескере отырып, тарихи деректер негізінде есептелген және әлемдік экономиканың конъюнктурасына байланысты түзетілуі мүмкін. Жоба былай жүзеге асырылады: – Шоттар «БЖЗҚ» АҚ-да (екінші деңгейдегі банктерге жүгінуге талап етілмейді) Әділет министрлігінің жеке тұлғаларының дерекқоры негізінде автоматты түрде ашылады. – Жыл сайын қаңтар айында жобаға қатысқан сәттен бастап 18 жасқа толғанға дейін «БЖЗҚ» АҚ-дағы балалардың шоттарына шартты түрде қаражат есептеледі.

Мысалы, егер жоба басталған кезде бала 5 жаста болса, оған жыл сайын 13 жыл ішінде, яғни кәмілетке толғанға дейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігі беріліп отырады. – Жобаға Қазақстан азаматтары болып саналатын балалар қатысады. – Егер 18 жасқа дейінгі бала елден кетіп, Қазақстан азаматтығын өзгертсе, онда төлемдерге талап қою құқығы жоғалады. Қаражат барлық бала арасында қайта бөлінеді. Бала елден 18 жасқа дейін азаматтығы ауыспай кеткен жағдайда төлемдерге талап қою құқығы сақталады. – Шот қаражатын салық салудан босату ұсынылады. 18 жасқа толған кезде шоттардан қаражат төлеуді АҚШ долларымен жүзеге асыру ұсынылады. Іс жүзінде 18 жасқа толғанға дейін ақша Ұлттық қорда қалады және қаржы құралдарына инвестицияланады. – 18 жасқа толған кезде қаражат баланың меншігіне өтеді. – Қаражатты мақсатты пайдалану үшін «БЖЗҚ» АҚ-да өзара іс-қимыл жасайтын уәкілетті операторларды («Отбасы банк» АҚ-ы, екінші деңгейдегі банктер) анықтау ұсынылады. – 18 жасқа толғанға шоттағы қаражат 5-10 жыл бойы сақталады. Талап етілмеген жағдайда 5-10 жыл ішінде шоттағы қаражатты зейнетақы шотына аудару ұсынылады. – Сондай-ақ азаматтық заңнамаға сәйкес іс жүзінде жинақталған қаражатты мұрагерлік бойынша беру мүмкіндігі көзделеді. – Бала әрекетке қабілетсіз болған жағдайда, ата-аналарға (заңды өкілдерге) Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен қаражатты пайдалануға құқық беру жоспарланып отыр. «Тұтастай алғанда, ұсынылған алгоритм бойынша жобаны іске қосу үшін заңнамаға өзгерістерді қоса алғанда, дайындық жұмыстарын жүргізу қажет болады. Осы жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына және тиісті нормативтік-құқықтық актілерге түзетулер енгізу жоспарланады. Жобаны іске қосу тәсілі тиісті платформаларда (қосымшалар, БЖЗҚ-ның сайты) өткізіледі», – делінген Қаржы министрлігінің хабарламасында.



## Оқыңыз: Жаңа кітап ДОС ЖЫЛАТЫП АЙТАДЫ...

Әдебиеттанушы ғалым, педагог, философия докторы Ерболат Баятұлының шығармашылығы әмәнда қызықтыратын. Терең білімді, теориялық дайындығы мол қаламгердің лирикалық өлеңдері де, шағын әңгіме, новелла, эсселері де парасатты, пайымды, ұстамды, ойлы болып келеді. Қай-қайсысынан да философиялық шешімдер, пікірлер, ұстанымдар шырғып алдыңнан шығады. Оқыған дүниенді сол бойы ұмытып, тастай салмайсың. Ойға бөгіп отырып қаласың. «Стиль дегеніміз – жазушының өзі» деген тұжырым бұл ретте өзінің дәлдігіне тағы бір жүгінтеді. Ғалым қаламгердің жаңа кітабының өресі биік. Талғамды оқырманның әлі-ақ тұшынып оқып, оң бағасын береріне әбден сенімдіміз.

Кітапты осыншама қуатты етіп, деңгейін көтеріп, дәрежесін арттырып тұрған не? Алдымен, елең еткізін, көңіліңді тоғайтып, шалқар қуаныш сыйлайтын автордың тіл байлығы, сөздік қоры! Оның қаламы еркін көсіледі, тілі тежеусіз шешіледі. Айтарын айта алмай кібірткітеу, ойын түйіндей алмай шоқырақтау, айналсоқтау жоқ. Керісінше, кестелі тілмен көмкерілген сөйлемдерден қазақтың небір көне сөздерін, кейде өзің естімеген сүбелі сөз орамдарын жолықтырасың. «Сөзтаным» деген тақырыппен берген сөздердің мазмұны, мағынасы, шығу тегі, құралы туралы анықтамалары жазушының сөздік қорының молдығын шүбәсіз аңғартады. Оларды оқи отырып, бүгінгі сөз қолданысымыздан талай-талай атаулардың, керемет сөздердің шет қалғанын да көріп, алаңдайсың.

Тағы бір ұтқырлығы, қай шығармасының болмасын қысқа жазылуы. Бұл бүгінгі оқырман талабынан туындаған шешім болса керек. Қысқа ғана әңгіме-новеллалары бірден-ақ өзіне тартып, баурап алады да, тез оқылады. Бірақ, ол қысқалық әдемі суреттер, бейнелі образдардың тууына, оқиға желісінің өрбуіне бөгет болмаған. Керісінше, қат-қабат өмір белестері, қым-қиғаш тағдырлар көз алдыңнан өтеді. Жазушы шеберлігінің белгісі сол оқиғаларды өзің ішінде жүргендей сезініп, әр дәуірдің өз іс-әрекеті, әдет-ғұрпын кейіпкерлермен бірге кешесің. Ондай атмосфера туындату үшін қаламгердің сол баяндау тәсіліне қаншалықты дайындықпен барғандығын да ұғыну қиын емес. Ол үлкен біліктілік пен ізденістің жемісі.

Ерболат Баятұлының кітапқа енген прозалық шығармаларынан оқырман Гете, Бальзак, Шопен, Шоқан, Мұхтар, Әлкей сияқты танымал тұлғалардың мінез-құлқын, кез болған құпия оқиғаларын біліп, оларға жақындай, оларды бұрынғыдан да тереңірек біле, жақын тарта түседі.

Ұстамды да сабырлы автор кейбір әңгімелерінде астарлы, құпиялау күлкі, сарказмді аса ұтқыр пайдаланады. Мұны «Мә саған, капитализм!», «Ірің көз», «Батагөй», тағы басқа әңгімелерден көруге болады. «Осының бәрі ала бұзаудың қырсығы!», «Бірақ, Халелдің осы отырысы бір аптаға жеткен жоқ» деген сияқты сөйлемдер еріксіз езу тарттырады.

Романтикалық, кейде философиялық сарындағы әңгімелер, тіпті, естелік ретінде өрілген дүниелер жанрлары әртүрлі болғанымен, автордың ортақ, қазақы да адами ұстанымынан туындап, көкірегіңді сағыныш пен шуаққа толтырады.

Өмірдің сәні, мазмұны, мағынасы туралы философиялық ой-түйіндері, қысқа байламдары да кімді болмасын бейжай қалдырмайды. Өйткені, өмірдің әртүрлі сәттерінде кезіккен қиындықтар, бала-шағасы, әріптестерімен қарым-қатынастағы, қоғамдағы болсын шешуі шытырман жағдайлар туралы ойланбайтын адам жоқ.

Кітаптың келесі бір қызығы «Жапон суреттері» деп аталған новеллалар циклі. Арналы, бояулы, мақамды, ғаламат қазақы сөз саптау осы тұста жалт етіп, өзгешеленіп шыға келді. Жапондықтардың өздеріне ғана тән дүниетанымдары, көнеден келе жатқан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне сай автордың жазу стилі де басқа күйге енеді. Өмір енді солардың көзқарастарымен екшеленіп, шешімді солар қабылдайды. Бұл сізді жаңаша, басқаша ойлауға үйретеді.

Кітап мұқабасының безендірілуінде де сыр бар. «Дүние. Ой. Сөз.» деген атаудағы сөздер бірінің астына бірі жазылып, бас әріптер басқаша боялған. Сонда «Дос» деген сөз шығады. Кітапты оқымай тұрып, ол көргеніңнің қандай сыры барын түсіне ықтимал. Ал, оқып болған соң сан тарау тақырыпты қозғаған, санаңда жүрген көптеген сұрақтарыңа жауап табар кітапқа кез болғаныңды, өзіңе жаңа бір дос тапқаныңды түйсінесің. Иә, алдамайтын, адал сөйлейтін, білім-білігі толыққан, көргені көп шынайы дос! Кей тұсыңды оңдыртпай сынаса, оның да әбестігі жоқ. Дұшпанның күлдіріп, достың жылатып айтатыны бұрыннан белгілі емес пе? Қысқасы, «Достың» жөні бөлек, өресі биік шығарма.

**Серік ЖЕТПІСҚАЛИЕВ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарын реттеу салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда бөлімде 16 Мемлекеттік қызмет көрсетіледі, ең суранысқа ие қызметтердің бірі – «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру» (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 12 тамыздағы №437 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 тамызда № 23983 болып тіркелді).

Қызмет көрсету тәсілдері  
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ

«Электрондық үкімет» порталы

**Қызметті онлайн қалай алуға болады:**

1. Порталда авторизациялау және «онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасы бойынша өту (қызметті алу үшін сіз сайтта тіркелуіңіз керек [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz)).

2. Сайтта өтінімді толтыру [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) және оған ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) қою. Тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштада көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысыңыз.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-да қызметті қалай алуға болады (қажетті құжаттар):

1. Жалға алушының отбасының барлық кәмелетке толған мүшелері қол қойған тұрғын үйді жекешелендіруге өтініш.

2. Неке қию (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың тууы туралы куәліктің көшірмелері (қажет болған жағдайда, ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда).

3. Жалдау шарты немесе тұрғын үйге ордер.

4. Басқа адамдар көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп танылған жағдайларда, соңғысы оларды көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімінің көшірмесін ұсынады.

5. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттың көшірмесін қосымша ұсынады.

6. Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдар қызметкерлері, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, судьялар және мемлекеттік сайланбалы лауазымдарды атқаратын адамдар санатына жататын азаматтар жұмыс орнынан (қызметтен) анықтаманың көшірмесін не қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қосымша ұсынады.

7. Ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер олардың мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі береді.

8. Тұрғын үйді жалдау шарты бойынша берешектің жоқтығын растайтын құжат.

**\*Ақпараттық хабарлама**

## АЛАЯҚТЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН САЙТТАР МЕН МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАР

Ұлттық Банк алаяқтықпен айналысатын сайттардың көбейгенін ескертеді. Олар өзін жеке инвестиция тарту үшін Ұлттық Банк әзірлеген бағдарлама ретінде таныстырады. Ондай «бағдарламалардың» кейбірінде мобильдік қосымша да бар.

Анықталған ресурстарда «Мемлекеттің алтын-валюта қорынан» немесе «Қазақстанның ұлттық ресурстарынан» түсетін кірісті бағдарламаға қатысушылардың пайдасына бөлу туралы жалған ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, Ұлттық Банк басшылығының, оның ішінде бұрынғы басшылардың атынан шындыққа сәйкес келмейтін мәлімдемелер, қолданыста жоқ лицензиялардың нөмірлері, жалған құқық белгілейтін құжаттардың скан-көшірмелері де берілген.

Мұндай ресурстарда алаяқтық әрекеттердің белгісі анық білінеді, өйткені:

• Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шоттарына қызмет көрсетпейді, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жасамайды;

• Ұлттық Банк «Мемлекеттік қорлардан» пайда табу үшін қандай да бір платформаларды әзірлеуге қатыспайды;

• Байланыс құралы туралы ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тіркелген құқық белгілейтін құжаттар немесе тиісті лицензиялар көрсетілмеген (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының лицензиялары бар ұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында «Қаржы нарығы» бөлімінде жарияланған).

Түптеп келгенде мұндай фейк сайттардың мақсаты – кездейсоқ интернет-пайдаланушының жеке деректерін жинау және ақша ұрлау.

Ұлттық Банк мұндай жарнамаларды елемеге, керісінше, бұл контентті алаяқтық деп белгілеуге, ал жеке ақпараттың тарап кетуіне жол берілген жағдайда алаяқтық фактісі бойынша іс тексерілуі үшін тиісті өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес береді.

Толық ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 (7172) 77-52-05

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

9. Қағидалардың 8 тармағына сәйкес жекешелендіру жағдайында-мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді меншігіне өтеусіз алуға құқығы бар азаматтар санатына жататынын растайтын құжаттың көшірмесі.

**Қызмет көрсету мерзімі:**

1) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру кезінде:

бірінші және екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі; үшінші кезең: 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасу.

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің не коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру кезінде:

бірінші және екінші кезең: тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде; үшінші кезең: тұрғын үйді коммуналдық мемлекеттік мекеменің немесе коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан коммуналдық тұрғын үй қорына беру, оның ішінде тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттарды тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу тұрғын үйді жекешелендіру туралы шешім шығарылған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жүзеге асырылады; төртінші кезең: 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасу.

3) республикалық мемлекеттік мекеменің не республикалық мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру кезінде: бірінші және екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі; үшінші кезең: жекешелендіру туралы шешім шығарылғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде тұрғын үйді республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру: балансында берілетін тұрғын үй орналасқан республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органының тұрғын үй комиссиясы тұрғын үйді жекешелендіру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қолдауы нәгізінде шешім қабылдауы; беруші және қабылдаушы Тараптардың уәкілетті лауазымды адамдарының беру актісіне қол қоюы және беру актісін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшесінің (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары) және коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысы бекітуі, және тұрғын үй бойынша шешімдер қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттарды тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу; төртінші кезең: 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасу.

**Қызмет құны тегін. Біздің мекен-жайымыз:**

Тайынша қаласы, Астана көшесі, 174, байланыс телефоны: 8 (715 36) 22-5-37.

## ПИРОПЛАЗМОЗ – ҚАУІПТІ АУРУ

Жануарлардың ең қас жауы - әртүрлі ауруларды тарататын кенелер. Бұл жәндіктердің шағуын тудыратын ең қауіпті аурулардың бірі - пироплазмоз. Уақытылы емделмесе, ол тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

Жылқы пироплазмозы – жылқылардың депрессиямен, қызбамен, сарқырамамен, гемоглобинуриямен көрінетін маусымдық көктемгі жіті ауруы. Ол кене паразитизмі кезеңінде көрінеді: көктемде (сәуірдің аяғынан маусым айының соңына дейін) және күзде (тамыз айының соңынан қарашаның басына дейін). Жазда ауруды тіркеуде үзіліс болады (1,5 ... 2 ай). Бұл көтерілулердің екеуі де кене белсенділігінің маусымдық шыңдарына сәйкес келеді. Инвазия көзі ауру жылқылар және әсіресе симптомсыз, паразит тасымалдаушы құлындар, сондай-ақ зақымданған кенелер болып табылады. Жылқылардан басқа есектер, қашырлар, понилар ауырады. Жылқының денесіне кене сілекейімен түскен қоздырғыштар қан айналым жүйесіне еніп, қызыл қан жасушаларын зақымдап, оларды бұзады, анемия, кейін гемоглобинурия дамиды. Жүрек-тамыр жүйесі мен ас қорыту органдарының қызметі бұзылған.

Симптомдары және ағымы. Кене шағуының инкубациялық кезеңі 8-12 күн. Бастапқы кезеңде дене температурасы көтеріледі. Жылдам шаршау пайда болады, тәбеті нашарлайды, тыныс алу және пульс жиілейді. Келесі 2-3 күнде шырышты қабаттардың гиперемиясы байқалады, содан кейін анемия, жолақты қан кетулермен сарғаю пайда болады. Осы кезеңде колики, ішектің метеоризмі болуы мүмкін. Гемоглобинурия дамиды. Қанда эритроциттер мен гемоглобин саны күрт төмендейді. Бұза биелерді әдетте түсік түсіреді.

Патологиялық-анатомиялық өзгерістер.Өлген жануарларда шырышты және серозды қабаттардың, тері астындағы және дәнекер тіндердің сарғаюы байқалады. Көкбауыр, сондай-ақ бүйрек, бауыр, лимфа түйіндері мөлшері күрт ұлғаяды. Өкпесі ісінген, жүрегі ұлғайған, бұлшық еті салбыраған. Қан кетулер эпикард және эндокард астынан анықталады.

Алдын алу және күресу шаралары. Иксодидті кенелердің жаппай пайда болуымен жылқыларды 5-6 күн сайын кенеге қарсы акарицидтік (бутекс, неоцидол және т.б.) препараттармен өңдейді.

**Марат Токужинов,**

Тайынша ауданы орталығындағы «Ветеринарлық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығымен мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының директоры.

## Көпшілік Назарына! ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫ

Жануарлар мен жауапты қарым-қатынасты реттеу және бақылау мақсатында 2022 жылғы 2 наурыздан бастап «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңы енгізілді. Осы Заңның 21-бабының 1-тармағы үй жануарларын қарау және ұстау кезінде келесі талаптарды қоятынын еске салғым келеді:

Жануардың иесі немесе жауапты адам:

- 1) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың, ветеринариялық және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтауға;
- 2) үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес үйжануарларын есепке алуды жүргізуге;
- 3) басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбай, үй жануарларына жауапкершілікпен қарауды жүзеге асыруға;
- 4) адамның және (немесе) жануардың өмірі мен саулығына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне үйжануарының зиянқелтіруін болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға;
- 5) үй жануарына Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңнамасына сәйкес ветеринариялық көмектің уақтылы көрсетілуін және профилактикалық ветеринариялық іс-шаралардың, оның ішінде вакциналаудың уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- 6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына үй жануарларының аса қауіпті және жұқпалы ауруларына ұшырау күдігі туралы, сондай-ақ үй жануарының аса қауіпті және жұқпалы аурулардың салдарынан өлгені туралы дереу хабарлауға;
- 7) стерилизациялау арқылы үй жануарларының қалаусыз ұрпағын болғызбау бойынша шаралар қабылдауға;

денсаулық сақтау ұйымына және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жануарының жеке тұлғаларға немесе жануарларға дене жарақаттарын салған жағдайлары туралы дереу хабарлауға және аса қауіпті және жұқпалы аурулардың ықтимал болуын анықтау мақсатында қарап-тексеру және қажетті клиникалық және (немесе) зертханалық-диагностикалық зерттеулер не ветеринариялық байқаулар жүргізу үшін өзінің жануарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға, ветеринария саласында емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеткізуге;

9) үй жануарларының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оның ішінде коңдоминиум объектілерін, қоғамдық орындарды ластауына, сондай-ақ үйжануарларының қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол бермеуге;

10) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

Қожаындары тамақсыз, баспанасыз тағдыр тәлкегіне көшеде қалдырылған ит-мысықтар адасып, өзгелерге ғана емес, өзіне де қауіп төндіреді. Жабайы түлкі, қарсақтар ауылға жиі кіреді. Әсіресе қаңғыбас немесе бақылаусыз жүретін иттер олармен байланыста болады. Мұндай байланыс кезінде жануар құтыру ауруын жұқтыруы мүмкін, бұл тек осы жануарлардың ғана емес (бұл ауру әрқашан өлім мен аяқталады), сонымен қатар олардың айналасындағылардың (адамдар мен жануарлар) өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан, жануарлардың өліміне әкелетін өз үй жануарына мұндай жауапсыздықты жануарға жасалған қатыгездік деп санаймын.

Сондықтан, құрметті аудан тұрғындары, Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілік пен қарау туралы» Заңының талаптарын және елді мекендерде иттер мен мысықтарды ұстау ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.

Тайынша ауданы орталығындағы  
«Ветеринарлық станциясы»

## 9 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР ТІЗІМІНДЕГІ АЙТУЛЫ КҮНДЕРДІҢ БІРІ

Бұл күні Кеңес Одағының армиясы II Дүниежүзілік соғыста фашистерді жеңді. Оның құрамында сол кездегі Қазақ КСР-дың мыңдаған азаматы да болды. Олар Берлинге дейін барып, Рейхстагқа жеңіс туын тікті.



### II ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ

II Дүниежүзілік соғыс 1939 жылы 1 қыркүйекте басталды. Сол күні Германия әскері Польшаға басып кірді. Оған дейін халық арасында үгіт-насихат жүргізілді. Немістің баспасөзі Польшада этникалық немістерді құдалап жатқанын жазды. Сондай-ақ, осы елдің Ұлыбритания мен Франция сияқты одақтастарымен бірге Германияны қоршап, өзара бөліп алуды жоспарлап жүргені туралы жалған ақпарат таратылды. Неміс әскерілері өз еліндегі радиостанцияға өтірік шабуыл да ұйымдастырды. Осы «қылмыс» үшін поляктарды айыптады.

Польшаға бір уақытта 60 дивизия баса көктеп кірді. Неміс әскерінің саны 1,5 миллионнан асты. Олар поляктардың қорғаныс шебін оп-оңай бұзып, бірден Варшаваға бет алды. Польша мобилизация өткізіп үлгермеді. Армиясы да дайын болмады. Қару-жарақ пен әскери құрал-жабдықтар жетіспеді. 300 ұшақ аспанға көтерілуге дайын тұрған. Бірақ люфтваффе басым бөлігін бірден бомбалап тастады. Әлемде Германия әскерінің табысты тактикасы – блицкриг немесе «көзсіз басу» әдісі кеңінен тарап кетті.

27 қыркүйекте Польша немістерге берілді. Содан Ұлыбритания мен Франция Германияға соғыс ашты. Артынан антигитлерлік коалицияға басқа елдер де қосылды. Ал Италия мен Жапония Германия жағында болды.

Жалпы II Дүниежүзілік соғысқа 62 мемлекет (Жер шарының 80 проценті) қатысты. 70 миллионнан астам адам қаза тапты. Олардың басым бөлігі – бейбіт тұрғындар. Бұл соғыста алғаш рет ядролық қару қолданылды.

### НЕМІСТЕР КСРО ЖЕРІНЕ ҚАЛАЙ КІРДІ

1941 жылдың маусымына қарай II Дүниежүзілік соғыс Кеңес Одағының шекарасына жақындап қалды. Батыста немістерді ешкім тоқтата алмады. Германия 12 мемлекетті жаулап алды. Ал 22 маусымда ешбір ескертусіз КСРО жеріне басып кірді. Фашистер «көз ілеспес шабуылмен» соғысты жылдам қысқа дейін аяқтауды жоспарлады. Бірақ қанды қырғын төрт жылға созылды.

Кеңес үкіметі Фин соғысынан кейін ғана әскери күштерді қайта құрып жатқан. Оған қоса, армия қатарында тазарту мен репрессия кең етек алды. Бес маршалдың үшеуі (М.Н.Тухачевский, В.К.Блюхер, А.И.Егоров) атылды. 1937-1938 жылдары 40 мың әскер басшылары тұтқындалды. Сол себепті 1941 жылы соғыс басталғанда әскери және саяси басшылардың басым бөлігі - 70-75 проценті тәжірибесі жоқ жас адамдар болды.

КСРО басшылығы бір күн бұрын шекарадағы неміс әскерінің соғысқа дайындалып жатқанын біліп қойды. Оған дейін тыңшылар ақпарат жіберді. Неміс жақтан қашып келген адам да соғыстың басталатынын растады. Содан арнайы деректива шығарылды. Бірақ оны таратып үлгермеді. Германия әскері таң атпай шекара заставаларын бомбалауға кірісті. Жүздеген ұшақ тұрған жерінде жойылды. Оған қоса, орталықпен дұрыс байланыс болмады. Бас кезінде Мәскеуде отырғандар батыс майданында не болып жатқанын білген де жоқ.

Ресми мәліметке сәйкес, 1941-1945 жылдары сұрапыл соғыста 25-27 миллион адам қаза болды.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР БАРЛЫҚ МАЙДАНДА ШАЙҚАСТЫ

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда жаумен жан аямай шайқасты. Мәселен, ең бірінші шабуылға ұшыраған даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында Г. Абдрахманов пен В. Лобанов, атқыштар В. Горянов пен К. Иманқұлов, артиллерияшы Г. Жұмағалиев, минометші В. Фурсов болды. Немістер дәл сол қамалды бірнеше сағаттың ішінде жаулап алуды жоспарлады. Бірақ бір айдан астам уақыт бойы қорғаныс шебін бұза алмады.

### 9 МАМЫР: ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мурманск іргесінде пулеметшілер Қ. Қайдаров, Г. Оқасов және К. Теміржанов дұшпанды ішке жібермей, көз жұмғанша аяқтасты. Киев бағытында 19-танк дивизиясының полктары жанкешті шайқас жүргізді. Сол үшін олардың командирі К.А. Семеченко қазақстандықтардың ішінде ең бірінші Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Соғыс кезінде Қазақстанда барлығы 12 атқыштар дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 4 атты әскер дивизиясы және қарулы күштер мен әскер түрлерінің әр саладағы жеке полктері мен батальондары жасақталды. Мәселен, полковник

А.Н. Замировскийдің ақмолалық 310-атқыштар дивизиясы, А.Ф. Наумовтың ақтөбелік 312-дивизиясы, генерал-майор А.Д. Шемениковтың петропавлдық 314-дивизиясы және генерал-майор И.В. Панфиловтың 316-дивизиясы 1941 жылы тамызда майданға бірінші болып аттанды.

### Ресей Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін мойындамай ма?

Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста шықты. 316-атқыштар дивизиясына негізгі жолдардың бірі - Волоколамск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар («28 панфиловшы») тобы Дубосеково разъезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Ротаның саяси жетекшісі В. Г. Клочков «Ресей кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Москва» ұранын көтерді.

Оның бұл сөзі бүкіл майданға тарады. Кейіннен «28 панфиловшы» ерлігі аңызға айналды. Олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді. Сондай-ақ, Мәскеуді қорғау тарихына панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері П. В. Вихров, М. Ғабдуллин, автоматшылар Т. Тоқтаров, Р. Амангелдиев мәңгі өшпес із қалдырды.

### 600 мың жауынгер оралмады

1941-1945 жылдары болған сұрапыл соғысқа 35 миллион адам қатысты. Қазақстаннан майданға 1,8 миллион адам аттанды. 600 мыңы отанына оралған жоқ.

Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанкештілікпен қорғап, Украина мен Беларусь, Балтық маңы мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты.

Бүкіл соғыстың басынан өткерген қазақстандық 12 дивизия құрметті атақ алды. Олардың бесеуі бір, төртеуі екі, екеуі үш орденмен марапатталған. Бес дивизия гвардиялық атақ алды. Олардың қатарында Кеңес Одағының Батыры Иван Панфилов атындағы атақты 8-ші гвардиялық дивизия да бар.

Ұлы Отан соғысы: қазақ жауынгері мен оның қызметтік иті туралы қызықты әңгіме

Ұлы Отан соғысында 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Ал 1990 жылы 11 желтоқсанда соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы қолбасшы Бауыржан Момышұлына берілді. 1941 жылы аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған атқыштар батальоны мен Иван Карпов басқарған 1075-ші атқыштар полкі Мәскеу түбінде бір ай бойы үздіксіз ұрыстар жүргізіп, дұшпанға қарсы шабуылға шықты.

Батырлардың қатарында пулеметші Мәншүк Мәметова және снайпер Әлия Молдағұлова да бар. Екеуі де майдан даласында қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры атағын алғандардың ішінде атқыштар – Баймағамбетов, Лутфуллин, Мин Сен Юр, Тоқтаров, артиллеристер – Муткенов, Новиков, ұшқыштар Әбдіров, құрыш бұзушы Миллер, минометші Сыпатаев, атты жауынгер Қаратаев, саперлер – Қаратаев пен Гончаров, саяси жетекші Ғабдуллин, торпедалық катердің командирі Ушев, атқыштар дивизиясының командирі Сафиуллин және тағы басқа да азаматтар бар. 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық кавалері атанды.

Бұдан бөлек, төрт қазақстандық – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский екі мәрте Кеңес Одағы Батыры атанды. Рейхстагқа шешуші шабуылға шыққан және Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Қошқарбаев, капитан Чупрета, минометші Бақтыгереев, пулеметші Вицько, байланысшы Волочаевтар болды.

Қазақстан аумағында шайқас болған жоқ, бірақ республика майданның берік тылына айналды. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автомобильдері, 1,5 мың шынжыр табанды трактор, 110,4 мың жылқы жіберілді.

### Ардагерлер азайып барады

2022 жылдың есебіне сәйкес, Қазақстанда Ұлы Отан соғысының 387 ардагері болған. 2021 жылда олардың саны 665 адам еді.

### Өмірбаяндар

17 жасында майданға аттанған Әлия Молдағұлова туралы қызықты деректер

Қазақстанда жыл сайын ардагерлерге құрмет көрсетіледі, ақшалай қолдау да жасалады. Соңғы жылдары 9 мамырдың қарсаңында әрбір ардагерге 1 миллион теңгеден беріледі. Бұдан бөлек, тыл еңбеккерлеріне, соғыс ардагерлерінің жұбайларына және конюльер зардабын көрген адамдарға материалдық көмек жасалады.

Былыт президент жарлығымен майданда ерлікпен қаза тапқан үш қазақстандыққа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

### Олар:

Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлы (марқұм) – 8-ші гвардиялық Қызылтулы атқыштар дивизиясы 302-ші гвардия атқыштар полкі 2-ші атқыштар ротасының мергені;

Несмиянов Александр Александрович (марқұм) – 126-шы Горловка Қызылтулы атқыштар дивизиясы 690-шы атқыштар полкі 1-ші атқыштар батальонының командирі;

Сүлейменов Ыбырайым (марқұм) – 100-ші бөлек атқыштар бригадасы атқыштар батальоны 2-ші бөлімшесінің мерген-бақылаушысы.

9 мамыр бүкіл ТМД аумағында, Болгария, Ұлыбритания және Израильде аталып өтеді әрі демалыс күні болып есептеледі. Жеңіс күні көптеген қалада әскери парадтар, мерекелік шерулер, жауынгерлер ескерткішіне гүл шоқтарын қою, отшашу сияқты шаралар ұйымдастырылады.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,  
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор

Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,  
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»  
ЖК-де өсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 111. Таралымы: 1300.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба  
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап  
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен  
материалдардың мазмұны мен мәтініне  
хабарлама беруші автор өзі жауапты.